



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

XX вв. // Всеобщая история. Современные исследования. Вып. 12. – Брянск: БГУ, 2003. – стр. 89-115.

2. Мусорина М.Л. Формирование иракского общества в период британского мандата Лиги Наций. – Казань, 2010. – 204 б.
3. <http://www.armeniadiaspora.com/followup/population.html>
4. Ahmed Al-Hurmezi. The Human Rights Situation of the Turkmen Community in Iraq. – Middle East, 2010.
5. Khalidi R., Anderson L., Muslih M., Simon S.R. The Origins of Arab Nationalism. - N.Y., 1994.
6. Али аль-Уарди. Дираса фи табиғат аль-мужтамағ аль-Ирақи (دراسة في طبيعة المجتمع العراقي). – Бағдат: аль-Мактаба аль-хайдария (المكتبة الحيدارية), 1996. – 235 б.
7. <http://www.citypopulation.de/Iraq.html>
8. Iraq crisis: Islamists force 500,000 to flee Mosul. // BBC News, 2014.
9. Shadid Anthony. Iraqi Insurgent Group Names New Leaders. // The New York Times, 2010.

ӨОЖ 94(520)-1939/1945”

ЕКІНШІ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ ӘСКЕРИ-САЯСИ ЖАҒДАЙЫ

Қалимолла Мұхтар

kalimolla.muhtar@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті, «5B020900 – шығыстану» мамандығының студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Б.Ж. Абжаппарова

Эдо кезеңінде Бакуфу билігі 264 жыл бойы Жапонияны басқарып келді. Бұл сегундар билік басқарып, самурайлардың қоғамдағы беделі ерекше болған кез болды. Мемлекет әскери бағыттағы билігін қалыптастырып, қазіргі жапон территориясын толығымен қалыптастырды.

Бакуфу билігі Жапонияның қуатты ел екеніне сенімді болып, көрші елдермен болған сауда-экономикалық, саяси-мәдени байланыстарға назар аударған жоқ. Екі жарым ғасырдан астам уақыттан бері жапон қоғамы басқа елдерден өзгеше даму деңгейінде болғанымен, дәстүрлі шығыс елдерінің феодалдық қатыныс шеңберінен ауытқыған жоқ.

Жапония Тынық мұхитынан азия құрлығына шығатын бірінші ел. Таулы, аралдардың жан-жағын теңіздер қоршап жатады. Жер асты байлық қоры шектеулі болғанына қарамастан Эдо кезеңінде Жапонияның әскери-саяси әлеуеті Азия елдерінің ішінде едәуір жоғары деңгейде болды. Сыртқы саясатта жабық есік саясатын ұстанғандықтан, көршілес елдермен сауда байланысы аз болды. Ірі аксүйектер Даймёлер көп жердің иелері болып, Сегун әскери қолбасшы, және ел билеушісі болды. Ал самурайлар сегун және Даймёлердің қол астындағы жауынгерлер болып, қоғамдағы беделі ерекше жоғары.

Батыс елдерінің өркендеп дамуы буржуазия табының тарих сахнасына келуіне себеп болды. Жапония көрші Қытай, Корея елдерінен күріш егу, жазу, сәулет өнерін үлгі етумен қатар, жапондық үлгіге ие жаңа өркениетті елге айналған еді. Бірақ батыс елдерінің өндіріс, технологиясы шығыс елдері, оның ішінде Жапония және Қытайдан көш ілгері қуатты елге айналған еді. Ал батыстың шығыс елдерін ашудағы алғашқы жолы теңіз болды.

Эдо кезеңінде Португалия, Англия және Қытай кемелері Жапонияда сауда жасап, Батыс елдері өздерінің озық әскери кемелері және қару жарақтары арқылы жапондықтардың зәресін алды. Мылтық және зеңбіректердің Жапонияға келуі жапон қоғамын дүрліктірді. Сегун билігі Жапонияда орнықсыз күйге ұшырады.

1853 жылы АҚШ теңіз армиясы командирі Мэттью Кэлбрейт Перри бастаған әскери

кемелер тобы сол кездегі АҚШ президенті Миллард Филлмордің «Жапонияны ашу» тапсырмасы және Токугава билігіне құрметпен жазылған хатты алып келді.

Тоётоми Хидэеси (1536-1598) билік басында болған кезде, Испандық миссионерлерден сақтану үшін бакуфу билігі «жабық есік» саясатын ұстанды. 1624 жылдан бастап Испания сауда кемелерінің Жапония және Филиппин аралдарына келуіне тиым салынды. 1633 жылдан бастап шетелдегі жапондықтардың Жапонияға оралуына тиым салып, 1639 жылы тек Нидерландия және Қытаймен Нагасакидағы Дешима жасанды аралы арнайы сауда қалашығында сауда жасауға рұхсат берілді. Арал Португалиялықтар үшін 1636 жылдан бастап қолданысқа берілген. Бірақ, 1636 жылы Симабара бүлігі болып, христиандар Жапониядан қудаланды. Ал Нидерланд 1639 жылдан бастап аралды жалға алып сауда істеуге рұхсат алды.

1853 жылы Мэттью Кэлбрейт Перри бастаған соғыс кемелері АҚШ президентінің сәлемін жеткізгенін айтып Токио бұғазына келіп тоқтады. Бакуфу билігі императордың мақұлдауынсыз оларды қабылдай алмайтынын айтып жалтарды. Сегун қарулы соқтығыс болмау керектілігін сезіп, қару жұмсамауға мажбүр болған. Эдо қаласы ала сапыран күйге түсіп, ел іші дүрлікті. Ақыры келесі жылы Мэттью Кэлбрейт Перри Жапонияға қайта келіп бакуфу билігі «Канагава келісіміне» 1854 жылы 31 наурызда қол қойды. Келісім «жапон-америка бейбіт достық келісімі» деп те аталды. Осыдан кейін АҚШ сауда кемелері Жапонияда сауда жасауға және порттарда тоқтауына рұхсат етілді.

Жапондықтар «қара кеме» уақиғасы деп атап кеткен осы мәжбүрлі түрде сыртқа есік ашу реформасы Жапонияны жаңа дәуірге жетеледі.

Табиғи апаттар және экономикалық дағдарыс жапон қоғамында Токугава билігінің аяқтау кезеңіне жетеледі. Даймёлер сегунды биліктен тайдырып, императорды қайта билікке әкелуді құптады. Себебі, ел ішінде тұрақсыздықтар мен сегун билігіне наразылықтың ұлғайуы, батыс елдерінің сауда кемелері арқылы Жапонияға келіп, саяси-әскери істеріне араласуы салдарынан саяси билік үлкен тығырыққа тірелді.

1868 жылы бакуфу билігін құлату қозғалысы басталып, соңғы сегун Токугава Ёсинобуға билікті императорға қайтару туралы қысым жасалды. Келіссөз сәтсіз болып, 1 жылға созылған император билігін қалпына келтіру мақсатында ішкі соғыс болды. Сегун Токугава Ёсинобу соғыста жеңіліп, император АҚШ, Англия, Францияның қолдауымен билікті қалпына келтірді. Мэйдзи жаңғыртуы жаңа Жапонияны қалыптастырды.

Император Мэйдзи Киотодан Эдо қаласына келіп, Эдоны Токио деп өзгертті. Жаңа билік Бакуфу билігі кезіндегі теңсіз келісімдерді өз күшінде қалдырып, 1871 жылы барлық Жапонияда Бакуфу билігін жойды. 1877 жылы ішкі қайшылықты тоқтатып билікті нығайтты. 1879 жылы Рюкю аралдары Жапон территориясы болып, Окинава деп өзгертілді. 1888 жылы жер иелері мен ақсүйек саудагерлер мемлекет істеріне араласуға рұхсат етіліп, Жапонияда алғашқы бужуазия табы қалыптасты.

1889 жылы 11 ақпан император Мэйдзи «Жапон империясының Конституциясын» жариялап, 1890 жылы 29 қараша «жапон империясы парламенті» құрылды. Жапон империясы батыс елдері және Россиямен достық байланыста болып, азиядағы қуатты империяға айналды. Кореяны жаулап алу қарқынын тездетіп, Окинава аралдарын жапон территориясына айналдыру мүддесінде Цин империясымен қайшылық ушыға түсті. Цин империясының Кореяға көмектесуі Жапонияны 1894 жылы Жапон-Қытай соғысына итермеледі.

Мэйдзи жаңғыртуынан кейін жапон империясы қарқынды дамыған державаға айналды. 19 ғасырдың 90 жылдары жаулап алушылық әрекеттерін күшейтіп, Корея және Қытайға жаулаушылық әрекеттер алып барды.

Жапония Кореядағы Цин армиясына соққы жасағаннан кейін 1894 жылы 25 шілде Цин империясы Жапон империясына ресми түрде соғыс жариялады. Соғыс құрлық және теңізде болып, Цин армиясының қуатты теңіз армиясы жеңіліс тапты. 1895 жылы 17 сәуірде Цин империясы «Симоносеки шартына» қол қойып, Жапонияға 230 миллион күміс ақша соғыс шығынын төледі.

Бұл жеңіс жапон империясының беделін асқақтатты. Империалистік идея шарықтап Жапонияның әскери қуаты тіпті нығайа бастады. Солтүстік аралдар мәселесі Жапонияның өзекті мәселелеріне айналды. Соғыстан кейін Жапония Ресейге территория мәселелерінде жол бермеуге бекіді.

1904 жылы 8 ақпан Жапон-Орыс соғысы басталды. Жапони Цин империясын жеңіп, корей және Қытайдың солтүстік шығыс аймақтарын билей бастады. «Симоносеки шарты» Жапонияны Шығыс Азияда үстемдік жасауына үлкен мүмкіндіктер ашты. Жапон-Орыс қатынасы осы өңірдегі қайшылық салдарынан ушыға түсті.

20 ғасырдың алғашқы жылдары жапон империясының теңіз армиясы аса қуатты болды. Бір жылдан аса уақыт созылған Орыс-Жапон соғысы 1905 жылы 5 қарашада Англия, Франция, АҚШ тың араласуымен «Портсмут бітім шартына» қол қойып соғыс тоқтатылды.

Империалистік Жапония батыс державаларымен достық қарым-қатынасты сақтап, Шығыс Азияда ақырындап өз үстемдігін жүргізуге кірісті. Орыс-Жапон соғысы аяқталғаннан кейін Корея түбегі толықтай Жапонияның қолына өтті. Шығыс Манчжурияда жапон армиясы орналасқан еді.

АҚШ және Англия Жапония агрессиясын Қытайдан кейін КСРО-ға қарсы бағыттауды көздеді. Бұл туралы 1933 жылы Англиядағы советтік полпред былай деп жазды: Маньчжурияны жаулап алушы жапондықтар Жапония мен КСРО арасындағы соғысқа алып келу мүмкін деп санады ағылшын консерваторлары, ал олардың ойынша бұл дегеніміз «тарихтағы нағыз күтпеген жағдай» болды [1,284-285 б.].

Екінші дүние жүзілік соғыс қарсаңында Шығыс Азия батыс державаларының талан таражына жаппай ұшырап, бірінші дүние жүзілік соғыс кезінде үлкен табысқа жеткен империалистік Жапонияда Шығыс Азияда батыс елдерінен де үстем болуға талпынды.

Жапония, Германия, Италия одақтастығы қарқынды даму жолына түскендіктен Жапония әскери заводтар мен энергияға қатты мұқтаж болды. Корея мен Шығыс қытай территориясында жапон армиясы шұғыл әрекеттерге көшті.

1931 жылы Манчжурияны жаулап «Манчжоу го» үкіметін құрған Жапония Қытайға қарсы агрессиялық шабуылға көшу жоспарын жасады. Осы кезде Танака меморандымы императордың қолдауына ие болып жапон армиясы Шығыста Қытайдан бастап Моңғолия және Индияға дейін жету қарастырылған.

Қытай жерін отарынаайналдырып отырған Англия, Франция, Португалия елдерінің өкілдері жапондықтардың қысымына ұшырай бастады. Жапонияның жаулап алушылық саясатын байқаған АҚШ, Англия, КСРО елдері Жапонияға шара қолдануды көздеді. Фашистік Германиямен одақтас болу арқылы әскери қуатты елге айналуы көздеген жапония Германиямен құпия келіссөздер жүргізе бастады.

Германия мен Жапония ашық одақтас болып жариялаудан батыс державаларынан қорықты. Гитлер ұсынған «антикоминтерн пактісі» бойынша екі тарап Кеңес Одағынан қорғану және коммунистік идеяның әлемге таралуына жол бермеуге тырысты. Пактіге қатысушы екі елдің біреуі Кеңес Одағының шабуылына ұшыраса тез арада ортақ қорғаныс құруға келісім берді.

1936 жылы 2 желтоқсанда екі жақты Жапон және Италия келісіміне қол қойылды. Сөйтіп үш агрессиялық державалық блок құрды. 1937 жылы 6 Қарашада Италия антикоминтерндік фактісіне қосылды.

Комунизмге қарсы күрес үш ел одағы тек КСРО-ға ғана емес, әлемдегі барлық елге бағытталды.

1937 жылы 7 шілде Жапония ресми түрде Қытайды жаулап алу әрекетіне көшті. Екінші дүние жүзілік соғыс басталмай жатып Жапония Қытайдың шығыс солтүстік және шығыс оңтүстік территориясын жаулап үлгерді. Ел іші экономикасы әскери істерге көп мөлшерде қолданысқа түсіп, шикізатқа қажеттілік арта түсті. Батыс державалары Жапонияның Қытайға жасаған жаулаушылығын Кеңес одағына пайдалану мақсатында нақты шараға көшпеді.

1938 жылы мамыр-маусым айларында жапон дипломатиясы Маньчжоу-Го аймағымен шектесіп жатқан Кеңес Одағының Приморье аймағындағы шешілмеген шекара туралы дау

туғызатын насихаттық мақсатта комиссия құрылды. Шілде айының аяғында үкімет жоспарын алдын-ала орындай отырып Жапон әскері Кеңес Одағымен шектесетін шекарадағы Хасан көлінің аймағына басып кірді. Бірақ тамыз айында Кеңес Одағының әскері қарсыластарын толық талқандап өз территориясын толық тазалады.

1939 жылы екінші дүние жүзілік соғыс басталды. 1941 жылы Германия Кеңес Одағына шабуыл бастады. Жапония одақтас Германияға жаңа сыртқы саясат ұстауға мәжбүр болып, шикізат көздерін иемдену үшін Тынық мұхит аймақтарындағы Оңтүстік Шығыс Азия елдеріне жаулау әрекетін бастады.

Жапонияның тынық мұхиттағы әрекеттері екінші дүние жүзілік соғысына қатыспаған АҚШ-тың бақылауында болды. Еуропа елдеріне қару-жарақ сатумен айналысып отырған АҚШ Жапонияға әскери-экономикалық байланыстан бас тартты. Әскери істерге қыруар қаржы жұмсап отырған империалистік Жапония үкіметі экономикалық тұралауға бет алды. АҚШ тың экономикалық қысымы салдарынан, одақтас Германияның кеңес одағымен ұзаққа созылған соғыстан әлсіреуінен жапония АҚШ қа найзаның үшін бұруды жоспарлады.

1941 жылы Жапония Америка Құрама Штаттарына алғашқы әскери шабуылды бастады. Пёрл-Харбор теңіз порты АҚШ тың тынық мұхиттағы маңызы зор порты еді[2]. Жапон империясының теңіз күштері бас қолбасшысы Исороку Ямамото АҚШ қа әскери шабуылдың қатерін ескертуіне қарамастан жапон үкіметі осы қадамды алып баруға бел буды. Ұзақ жылдар бейбіт дамып келе жатқан америка құрлығында сыртқы күштен шабуыл болып көрмеген.

Екінше дүние жүзілік соғыста АҚШ соғысқа қатысушы елдерді бақылап отырды. Жапонияның Тынық мұхитта территориясын кеңейтуі АҚШ тың Тынық мұхиттағы мүддесіне кесірін тигізді. Австралияға қауып төнген сайын жапонияға экономикалық қысым арта түсті. Кейбір әскери сарапшылардың айтуынша АҚШ жапонияны экономикалық қысым арқылы өздеріне соғыс ашуға мәжбүрледі дейді. Ал АҚШ әскери қуаты жағынан жапониядан әлде қайда көшті еді. Исороку Ямамото АҚШ та білім алғандықтан АҚШ тың жағыдайына қанық. Сондықтан ол бұл қатерлі қадамның соңы жақсы болмайтынын ескертті.

1941 жылы 7 желтоқсан Исороку Ямамотоның соғыс жобасы бойынша жапон теңіз күштері Пёрл-Харборға жасырын түрде бет алды. АҚШ тың сол кездегі әскери техникасы мен соғыс кезіндегі дайындық жағдайы ешқандай бос болмауға тиіс еді. Бірақ Пёрл-Харбор жапондықтардың екі кезекті шабуылынан ауыр зардап шекті.

8 желтоқсанда АҚШ президенті Франклин Рузвельт Жапонияның бұл жолғы әскери әрекетін сынға алып, соғыс жарияламады деп жазғырды. Сонымен қатар Америка Құрама штаты әлем халқымен бірге Фашизмге қарсы күресетінін, Жапонияға ресми соғыс жариялағанын мәлімдеді.

1942 жылы АҚШ теңіз флоты және теңіз-құрлық армиясы Тынық мұхит аралдарында Империалистік Жапонияға қарсы соққы жасады. 1943 жылға келгенде стратегиялық маңызы бар Марианн, Маршалл және Каролин аралдарына жақындай түсті.

Фашистік одақтас елдердің әлсіреуі Жапонияны жаңа дипломатиялық бағытқа баруға мәжбүрледі. Жапондық дипломатия Токиодан Москваға «арнайы миссиямен» баруға Кеңес үкіметінен келісім алуға тырысты. Жапония осы миссия арқылы Кеңес Одағын батыс державаларымен ортақ қорғану мақсатында пайдаланбақ болды. Бірақ Кеңес Одағы бұл миссиядан бас тартты.

1943 жылы кеңес одағы мен АҚШ елдері арасында келіс сөздер болып, фашистік елдерге ортақ қарсы тұруды құптады. Жапонияның совет-жапон келісіміндегі нейтралитет шартын бұзғандығын және оның соғыста гитлерлік Германияға көмек көрсеткенін санай отырып И. Сталин конференцияда Кеңес Одағы фашистік Германияны жеңгеннен кейін Жапонияға соғыс ашады деп мәлімдеген еді.

1944 жылы шілде айында генерал Макартурдың әскері Сайпан аралын алды. Бұл АҚШ шабуылының жапон территориясына келіп жетуі болды.

1944 жылы сәуір айында жапон үкіметі Кеңес Одағының алдына Москваға миссия жіберу туралы сұрақты қайта қойды. Кеңестік үкімет Жапонияның бұл ұсынысын

қабылдаған жоқ.

1944 жылы күзінде премьер-министр Койсо Англиямен бейбітшілікті нейтралдық Швейцария арқылы жүргізуге ұмтылды.

Үздіксіз одақтас армияның әуеден бомбылау, құрлықтық соғысынан қатты зардап шеккен жапон үкіметі тізе бұгуден бас тартты. АҚШ ескертулердің сәтсіз болуына байланысты адамзат тарихында алғаш рет атом бомбасын қолданды.

1945 жылы 6 тамыз және 9 тамызда АҚШ әуе күштері Хиросима, Нагасаки қалаларына атом бомбасын тастады. 15 тамызда Жапон үкіметі соғысты тоқтатып, 2 қараша күні Токио бұғазында Линкор «Миссури» соғыс кемесінде «шартсыз тізе бүгу келісіміне» қол қойды[3]. Жапония ешқашан басқа елдерге соғыс ашпауға және сыртқы-ішкі саясатта АҚШ тың бақылауында болуға мәжбүр болды.

Қолданылған әдебиет:

1. История дипломатии, т. 4, М., 1975, с.284-285
2. Евстигнеев В.Н. Разгром империалистической Японии на Дальнем Востоке в 1945г. – М.: ВЛАДОС, 2001. – 212 с.

ӨОЖ 37. 014(510)(091)

КӨНЕ ДӘУІРДЕГІ ҚЫТАЙ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕИЯСЫ

Кәкешқызы Ләлә

526Lala@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,
6M020900 Шығыстану мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент А.М. Азмуханова

Қытай ағартушыларының мәдени, философиялық сарындағы тоғысқан еңбектері мен трактаттары адамды, жас ұрпақты қалыптастырып, білім берудегі қызметі орасан зор. Шығыс әлемінің бір ерекшелігі сол- ол адам мен табиғатты біріктіріп, үйлесімде дамығанын көздейді. Шығыс ағартушыларының білім берудегі негізі қағидаларын көне Қытай мәдениетінен қарастыруды жөн көрдік.

Шығыс әлемінің ерекшелігі – Шығыс бір-бірінен сусындап, нәр алып отыратын дүние. Қытай ағартушыларының білім берудегі негізгі қозғаған мәселелері білім, тәрбие, ақыл-ой, этикаға негізделген еді, Ұлы Шығыс ағартушыларының аталған қызметтері арқылы біз оларды өз дәуірлерімен қарастырамыз.

Қытай ағартушылық тарихы. Қытай – көне тарихтың, мәдениеттің, философияның елі мен жері. Мамандар Қытай өркениетінің басталуын ся дәуіріне, яғни б.д.д. III – II мыңжылдықтың саясына жатқызады. Б.д.д. XVII-XIIғ.ғ. Шан-Инь мемлекетінде қола мәдениеті дамиды, шаруашылықтың құлдық қоғамдық түрі жетілді. Шан-Инь дәуірінде Қытайда алғаш жазу пайда болған. Ежелгі Қытай тілінің грамматикасы қалыптаса бастаған. Шан-Инь қоғамының саяси билігі ван топтары арқылы жүргізілді. Ван шаруашылық мәселесіне де, әскери, діни билікте де ең жоғарғы басшы болды. Ванның билігін шандықтар дәріптеп, оны тәңірге теңеген. «Шан-ди» деген титулға ие болған ван өзін «Мен-адамдардың арасындағы ерекше жаратылыспын. Жалғызбын» деп жариялады. Шан — жер кіндігінің Ұлы қаласы, Қытай — жердің Ұлы орталығы деген уағыздар таралды. Өте көне дәуірде, аспан мен жер де болмаған заманда, әлем түрсіз хаосқа ұқсаған. Қытайдың көне текстері – философиялық толғаныстың шежіресіндей. Көне текстерде «Өзгерістер кітабында» («И цзин»), «Өлеңдер кітабында» («Ши цзин»), «Тарих кітабында» («Шу цзин») және т.б. ертедегі мифтер мен рухани қайнар көздерге толы шығармалар болып табылады.

Қытай ағартушылығының кезеңдері:

Көне заман

Жаңа заман

1.Көне заман кезеңдері